

Өңірде қажет мамандықтар бойынша білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек тағайындау туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 04 қарашадағы № 384 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 03 желтоқсанда № 2089 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қыркүйектегі № 224 қаулысы.

Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қыркүйектегі № 224 қаулысы.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 - бабының 1 - тармағының 17) тармақшасына сәйкес, ауылдық елді мекенде орналасқан білім, денсаулық сақтау, агроөнеркәсіптік кешен, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт мемлекеттік мекемелерін, мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында, облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Өңірге қажет мамандықтар бойынша білім алушы студенттерге (бұдан әрі – Студенттер) Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін білім беру қызметіне төлеуге әлеуметтік көмек (бұдан әрі – Әлеуметтік көмек) белгіленсін.

2. Әлеуметтік көмек күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын Маңғыстау облысының жастарына тағайындалатын болып белгіленсін.

3. Әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім Студенттердің біліктілік сипаттамаларын бағалау критерийлерінің негізінде қабылданатын болып белгіленсін.

4. Студенттің әлеуметтік мәртебесі, оқу жүзеге асырылатын мамандыққа деген қажеттілік, оқуды аяқтап, бакалавр академиялық дәрежесін алғаннан кейін мамандығы бойынша ауылдық жерде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеуге дайындығын білдіруі біліктілік сипаттамаларын бағалау критерийлері болып табылады.

Ескерту. 4 - тармаққа өзгерту енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011.06.14 № 190 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

5. Әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім, Әлеуметтік көмек тағайындауға Студенттерді іріктеу жөніндегі облыстық конкурстық комиссиямен

(бұдан әрі – Комиссия) Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қорытындысы негізінде қабылданатын болып белгіленсін.

6. Комиссия Маңғыстау облысы әкімдігінің Студенттерге Әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайтын уәкілетті органы болып анықталсын.

7. Комиссияның құрамы 1 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. Комиссия туралы Ереже 2 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Маңғыстау облысы әкімдігінің:

1) Әлеуметтік көмек тағайындау үшін Студенттер ұсынатын құжаттар тізбесін бекіту жөніндегі;

2) Студенттер ұсынған құжаттардың конкурстық іріктеу талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізу жөніндегі;

3) біліктілік сипаттамаларын бағалау критерийлерінің негізінде қорытынды әзірлеу жөніндегі;

4) Комиссия отырысын әзірлеу, отырыстың күн тәртібін қалыптастыру, Комиссия мүшелеріне отырыстың өтетін күні мен уақыты туралы хабарлау жөніндегі;

5) Студенттерге Әлеуметтік көмек тағайындау, негізін баяндай отырып, бас тарту туралы Комиссия шешімі туралы хабарлау жөніндегі;

6) Студентке Әлеуметтік көмек тағайындау туралы Комиссия шешімінің негізінде тараптардың өзара міндеттемелері қарастырылған шартқа қол қою жөніндегі уәкілетті органы болып белгіленсін.

10. Қалалар мен аудандардың әкімдері Студенттердің жеке істерін қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органды белгілесін.

11. Әлеуметтік көмек оқу орнының білім беру қызметінің құны шегіндегі жыл сайынғы төлемдерден және тамақтану мен тұру шығындарын ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік төлемдерден тұратын болып анықталсын.

12. Әлеуметтік көмек аудандық және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері тарапынан Студенттердің екінші деңгейлі банктегі жеке есеп шотына аударылатын болып белгіленсін.

13. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Білім ұйымдарының түлектеріне Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы» Маңғыстау облысы әкімдігінің 2007 жылғы 6 тамыздағы № 272 қаулысының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1976 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2007 жылғы 30 қазандағы № 182 жарияланған);

2) «Маңғыстау облысы әкімдігінің 2007 жылғы 6 тамыздағы № 272 «Білім ұйымдарының түлектеріне Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу

орындарында оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 27 наурыздағы № 224 қаулысының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2010 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2008 жылғы 13 мамырдағы № 73 жарияланған).

14. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Б. Жұмашевқа жүктелсін.

15. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

« К Е Л І С І Л Д І »

облыстық ауылшаруашылық
басқармасының бастығы
Т . Қ а л ж а н ұ л ы

04 қараша 2010 ж.

Маңғыстау облысы білім
басқарма бастығының уақытша
міндетін атқарушысы
Е . К . Ө м і р з а қ

04 қараша 2010 ж.

Маңғыстау облысы денсаулық
сақтау басқармасының бастығы
С . Р . М у с и н о в

04 қараша 2010 ж.

Маңғыстау облысы жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының бастығы
Г . М . Қ а л м ұ р а т о в а

04 қараша 2010 ж.

Маңғыстау облысының қаржы
басқармасының бастығы
М . Б . Ө л і б е к о в а

04 қараша 2010 ж.

Маңғыстау облысының мәдениет
басқармасының бастығы
М . С . Ғ ұ м а р о в а

04 қараша 2010 ж.

Маңғыстау облысы туризм,
дене шынықтыру және спорт

басқармасының бастығы
С . И . Пахомов

04 қараша 2010 ж.

Маңғыстау облысының экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының бастығы
Х . Х . Нұрғалиева

04 қараша 2010 ж.

1 — қ о с ы м ш а
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2010 жылғы 04 қарашада
№ 384 қаулысымен бекітілген

Әлеуметтік көмек тағайындауға студенттерді іріктеу жөніндегі облыстық конкурстық комиссияның құрамы

Ескерту. 1 - қосымшаға өзгерту енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011.06.14 № 190 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; 2011.09.02 № 265 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; 2012.08.13 № 197 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Нұрғалиева Халила Хабижанқызы	облыс әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Қалмұратова Гүлмира Мұратқызы	Маңғыстау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы, төрағаның орынбасары
Нұрмамедова Қарашаш Ішбергенқызы	Маңғыстау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқарма бастығының орынбасары, хатшы
комиссия мүшелері:	
Әбжаппаров Әбдімүтәліп Әбжаппарұлы	Маңғыстау облыстық мәслихат депутаты, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің ректоры
Әлібекова Марина Борисқызы	Маңғыстау облысы қаржы басқармасының бастығы
Ғұмарова Майра Смайылқызы	Маңғыстау облысы мәдениет басқармасының бастығы
Қалжанұлы Түменбай	Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы
Жұмашев Қаныбек Бекболатұлы	«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, (келісім бойынша)»
Илмұханбетова Шолпан Лазарқызы	Маңғыстау облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы

Бектубаев Руслан Фаризунұлы	Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының бастығы, Комиссия мүшесі
Жұмашева Динара Нагимұллақызы	Маңғыстау облысы білім басқармасының бастығы, Комиссия мүшесі
Пахомов Сергей Иванович	Маңғыстау облысы туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы

2 — қ о с ы м ш а
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2010 жылғы 04 қараша
№ 384 қаулысымен бекітілген

Әлеуметтік көмек тағайындау үшін студенттерді іріктеу жөніндегі облыстық конкурстық комиссия туралы Ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже әлеуметтік көмек тағайындау үшін Студенттерді іріктеу жөніндегі облыстық конкурстық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қызмет тәртібін белгілейді.

2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

3. Комиссияның жұмыс органы Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы болып табылады.

4. Комиссияның дербес құрамын облыс әкімдігі бекітеді.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

5. Комиссияның міндеттері:
әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобына жататын облыстың жастарын қолдау;

ауылдық елді мекенде орналасқан мемлекеттік білім, денсаулық сақтау, агроөнеркәсіптік кешені, әлеуметтік қорғау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт мекемелері мен қазынашылық кәсіпорындарын қамтамасыз ету үшін білікті мамандар даярлауға Маңғыстау облысы әкімдігінің грантын орналастыру.

6. Комиссияның функциялары:
1) ауылдық жерлердегі кадр қажеттілігін ескере отырып біліктілік сипаттамаларын бағалау критерийлеріне сәйкес келетін Студенттер қатарынан конкурстық іріктеу жүргізу;

2) халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал төмендегі топтарына жататын

студенттерге Әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдау:
бала жасынан мүгедектер, мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі адамдар;
тұлдыр жетімдер, сонымен бірге ата - анасының бірінің қамқорлығынсыз
қ а л ғ а н д а р ;

Маңғыстау облыстық балалар үйінің, Маңғыстау облыстық балалар аулының
б ұ р ы н ғ ы т ә р б и е л е н у ш і л е р і ;

3) ата - аналары және/немесе отбасы төмендегі әлеуметтік топтарға жататын
студенттерге Әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдау:
ата - анасының екеуі де зейнеткер болып табылатын;
ата - анасының екеуі немесе біреуі мүгедек болып табылатын;
ата - анасының екеуі немесе біреуі мемлекеттік білім, денсаулық сақтау,
агроөнеркәсіптік кешені, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт мекемелері мен
/немесе кәсіпорындарында жұмыс жасайтындар;
төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар.
Отбасының жоғары, техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының күндізгі оқу
түрі бойынша оқитын кәмелеттік жасқа толған балалары балалар санына
е с к е р і л е д і ;

о р а л м а н д а р д ы ң о т б а с ы л а р ы ;

4) Әлеуметтік көмек – облыс әкімінің грантын алушылар тізімін
қ а л ы п т а с т ы р у :

5) жас мамандарды, жастарды, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын
әлеуметтік қолдау жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Комиссияның отырыстарын өткізу тәртібі

7. Комиссия отырыстары ашық түрде өткізіледі. Комиссия отырсына
жұртшылық, бұқаралық акпарат құралдары, жергілікті атқарушы органдар
өкілдері ш а қ ы р ы л у ы м ү м к і н .

8 . К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы :

Комиссияны басқарады, Комиссия қызметіне дербес жауапкершілікте болады
;

Комиссия отырысын өткізеді және онда қабылдаған құжаттарға қол қояды;

Комиссия қызметіне байланысты басқа да функцияларды орындайды.

9. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттері Комиссия
төрағасының орынбасарына жүктеледі.

10. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Комиссия
отырысының өткізілетін күнін Комиссия төрағасы белгілейді.

11. Комиссия мүшелерінің кемінде жартысы отырысқа қатысқан жағдайда,
Комиссия шешім қабылдауға құқылы. Комиссия хатшысының дауыс беруге

қ ұ қ ы ғ ы

ж о қ .

12. Комиссия мүшелерінің үштен екісі дауыс берген жағдайда, шешім қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы ш е ш у ш і б о л ы п т а б ы л а д ы .

13. Комиссия отырысында хаттама жүргізіледі. Комиссия шешімі Комиссияның хатшысы жүргізетін хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға Комиссия м ү ш е л е р і қ о л қ о я д ы .

14. Комиссия мүшелері Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы әзірлеген қорытындыны зерттейді және конкурстық іріктеуді жүзеге асырады, Әлеуметтік көмек тағайындау т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

15. Комиссия мүшелері қабылданған шешімге дербес жауапкершілікте б о л а д ы .

16. Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол білдірген жағдайда, жазбаша түрде мазмұндалуы және хаттамаға қоса берілуі тиіс.